

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 482 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 мамырдағы N 537 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 қазандағы № 850 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 850 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің ведомстволық бағыныстағы жекелеген ұйымдары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 482 Р990482_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтың 2) тармақшасында:

бірінші абзацтағы "Есептеу техникасы, телекоммуникациялар, информатика және ситуациялық талдау жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорны" деген сөздер "Есептеу техникасы, телекоммуникациялар, информатика және ситуациялық талдау жөніндегі орталық" республикалық мемлекеттік кәсіпорны" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "агенттігінің ақпараттық-есептеу техникаларын монтаждау және жүйелі-техникалық қызмет көрсету" деген сөздер "агенттігінің ақпараттық-есептеу техникаларын заңдарда белгіленген тәртіппен монтаждау және жүйелі-техникалық қызмет көрсету" деген сөздермен ауыстырылсын;

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі